

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2018



Болашақ бүгіннен басталады...

Құрметті достар! Сіздердің назарларыңызға Ержан Тәтішев Қорының өткен 2018 жылының есебін ұсынамыз. Есеп Қордың үш бағдарламасыбойынша жасалған жұмыстарының нәтижелерін қамтиды. Есепке Қор білімгерлерінің әлеуметтік белсенділіктерін көрсететін статистикалық мәліметтер және де өткен жылғы әкімшілік және бағдарлама шығындарын көрсететін қаржы жұмыстарының нәтижелері енгізілген.

ҚОР БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Ержан Тәтішев Қоры 2005 жылы негізін қалаған бейкоммерциалық ұйым болып табылады. Қор пайда болған уақыттан бері осы күнге дейін әртүрлі жобалар мен концепттерді қолдады. Қазіргі таңда қолөнерді дамытуға байланысты бағдарламалары, үкіметтік емес ұйымдарға гранттық қолдау бағдарламалары, шетел эксперттерін қатыстыру арқылы жастарды дамыту бағдарламалары Қор қоржынында. Қор үнемі ізденісте бола отырып, өзінің мақсаттық тобының дамуына үлесі тұрғысынан да, жаңа ізденістер мен өзгерістердің негізін қалайтын эксклюзивті тәжірибе алу тұрғысынан да, айрықша бағалы әрі релевантты бағыттарда жұмыс атқаруға тырысады. Қордың осындай басты бағыты – дарынды жастарды қолдау. Бұл ұмтылыс үш білім беру гранттар бағдарламалары арқылы іске асуда. 2007 жылдан қазіргі таңға дейін Қор жоғарғы және кәсіби-техникалық білім алу үшін 117 білім гранттарын табыстады. 69 грант иегерлері қаржы, экономика, ағарту, медицина, IT-технологиялары, филология салаларынан диплом алды.



209 грант пен шәкіртақы тағайындалды



529 455 491,77 теңге Бағдарламаларға жұмсалды



80% түлек жұмысқа орналасты



1 түлек өз ісін жүргізуде



1 грант Қор түлектерінің Клубымен тағайындалды



386 еріктілік жоба іске асты



29 түлек Түркия, Ұлыбритания, Ресей, Италия, Голландияда қызмет жасайды



19 білімгер алмасу бағдарламасы бойынша шетелде білім алды



2018 жылғы түлектерді марапаттау салтанаты



Жыл сайын Қор өз ұясынан қанаттанған түлектерін ұшырып, жас көшбасшылардың жаңа буынын қамқорлығына алып отырады. Болашақта көш бастайтын жастардың үлкен белестерге жетулеріне күш жинатып, қанаттанғанша оқытып, жол сермеу – Қордың алдына қоятын бірден-бір мақсаты.



2018 жылғы білімгерлерді құттықтау салтанаты

«БесТірек» БАҒДАРЛАМАСЫ

Қордың ең алғаш бағдарламаларының бірі – 2007 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан, мектеп, колледж және балалар үйінің түлектеріне арналған білім беру гранттар бағдарламасы. Бағдарлама жас әрі дарынды бозбала мен бойжеткендердің қаржы, экономика және банк ісі салаларында білім алу қажеттіліктеріне сай келетін. 2017 жылы бағдарлама модификацияланып, ағылшын тілінде best trek, яғни ең жақсы, дұрыс таңдалған жол түсінігімен ұйқасатын «БесТірек» деген атпен іске қосылды. «БесТірек» Қордың өздігінен жасап шығарған жеке жетілдіруі болып табылатын, жастардың кәсіпкерліктегі әлеуетін дамыту саласындағы батыл әрі кең ауқымды пилоттық жобасы.

Қазіргі таңда «БесТірек» басқаларды шабыттандыратын танымал бренд болып келе жатыр. Инновациялық әдістің мәні – іскерлік қасиеттерді дамытуға және қандай да бір бизнес жобаны оқу барысында іске асыруға мүмкіндік беретін, теориялық білім мен істі қатар жүргізіп, тәжірибені арқау қылған тәсіл. Сонымен қатар «БесТірек» Бағдарламасының артықшылығы университет пен іскерлік саладағы менторлар, яғни тәлімгерлердің қолдауы, болашақ кәсіпкерлерді баптаудағы АҚШ-тың үздік оқу орны, Babson College-дің жазғы лагеріне қатысу және стартапты аяққа тұрғызуға арналған 1 000 000 теңге көлеміндегі ішкі грант болып табылады.

Осы күнге дейін Қор жоғарғы білім алу үшін 74 грант тағайындады, оның 39-ы Алматы Менеджмент Университеті, КИМЭП Университеті, Сүлеймен Демирел Университеті, Халықаралық Бизнес Университеті, Қазақстан-Британ Университеті, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті, Аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті секілді жоғарғы оқу орындарымен қызметтесу арқылы игерілді.



«Champions Day» – мектеп түлектері байқауы
АлмаУ Кәсіпкерлік пен инновацияларды дамыту орталығы, 19.05. – 20.05.2018



«ZHASMILK» жобасы
Enactus АлмаУ, 07.02. – 24.03.2018



Бизнесмен Аяз Шабудтиновпен бизнес тренинг
«LIKE центр Алматы» бизнес-концентраты
04.03 – 06.03.2018



Көшбасшылықты дамыту күні
AIESEC, КИМЭП Университеті, 23.09.2018

«Бестірек» бағдарламасының білімгерлері «менеджмент» және «маркетинг» мамандықтарында қосымша «кәсіпкерлік» модулімен білім алуда. Университет менторларының қолдауы, бизнесмен және коучтардың мастер-класстар, өз ісін жасауға және ілгері жылжытуға байланысты әр түрлі іс-шаралар өз алдына білімді қолданбалы, ал білім алу үдерісін қызықты қылуға көмектеседі.

«КӘСІБІҢДІ ТАҢДА» БАҒДАРЛАМАСЫ

Қордың екінші негізгі бағдарламасы – 2008 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан мүгедектігі бар жастарға білім беру гранттары бағдарламасы. Қор бағдарламаны іске қосар кезде өз алдына қойған басты өршіл мақсаты кәсіби маман ретінде қалыптастыру арқылы физикалық мүмкіндігі шектеулі жастардың өміріне ықпал ету еді. Қор күні бүгінге дейін таңдаған бағытымен жүріп келуде. Бұл бағдарламаға жастар оқу үлгеріміне, оқуға деген ынтасына және де өмірге деген ұстанымына қарай іріктеледі. Қосымша өлшемшарт ретінде үміткердің материалдық жағдайы қарастырылады.

Он жылдың ішінде 43 арнайы мектеп түлегі Қордың грант иегері атанды, оның 30-ы арнайы кәсіптік білім алғаны жөнінде диплом алды. Өткен жылы 2 білімгер колледжді аяқтап, 2 талапкер 2018 жыл бағдарламасының байқауының жеңімпаз атанып, Нархоз Университетінің Колледжінде және Орта Азиялық технико-экономикалық колледжінде білім алуда.

БАҒДАРЛАМА СЕРІКТЕСТЕРІ



Колледж
Международной
Академии Бизнеса



Бағдарлама білімгерлері ынталанып оқып қана отырмай, әлеуметтік белсенді болуға және де өздерінің шығармашылық қасиеттерін іске асыруға тырысуда. Осылайша Бағдарлама байқауының 2014 жылғы жеңімпазы, және бүгінгі күні 2018 жыл түлегі атанған Ақерке Мәжітова 2018 жылдың мамырында поэзияға әуес адамдарға өзінің өлеңдерін таныстыру мақсатымен жеке шығармашылық кешін ұйымдастырды. Ақерке әрдайым журналист болуды армандайтын. Ол Қордың қолдауымен бітірген колледжді сол арманына жетелейтін баспалдақ деп қараса керек. Оқуды бітіре сала, ол Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы Университетке «журналистика» факультетіне грантқа түсті.



Ей, адамдар қатыгез бе, білмедім.
Мендей қайсар жанға неге сенбедің?
Менде жүрек біреу емес, білсеңіз
Көзімдегі жалын отын көрсеңіз.

Менен үміт күтпейсіңдер неліктен?
Қабылдаңдар мені таза жүрекпен!
Шектеттіңдер алыстатып жанымды,
Көресіңдер ашылған күн бағымды.

Сонда жүрек емдер ішкі жарасын,
Халық берер өнерімнің бағасын,
Биік шынды бағындырам, қараңдар!
Маған бәрің ересіңдер, адамдар!

Мен халықтың нұры болам шашатын,
Ақын болам төрткүл жерге асатын,
Дүние емес, әлем мені мойындар,
Ал әзірге артық сөзді қойыңдар!

Ерке Д@улет қызы, 05.07.2018

КЕНТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ержан Тәтішев атындағы шәкіртақы бағдарламасы, аталып кеткен бағдарламалар секілді, Ержан Нұрелдайымұлы Тәтішевтің нәр алған атамекені, Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицейіне арнайы жасаған эксклюзивті өнімі болып келеді. Бағдарлама аясында жыл сайын 8,9,10 және 11 сынып арасында әлеуметтік жобалар байқауы өткізіледі. Үздік жоба иелері Бағдарламаның арнайы шәкіртақысымен марапатталады. Білімгер атағына алдыңғы оқу жылы ішінде жақсы оқу үлгерімін көрсеткен, түрлі пәндер сайыстарында, спорт пен музыкада жетістіктері бар және де мектеп өмірін жақсартуға үлесін қосқысы келетіндер күресе алады. Бағдарлама жастар ықыластарын қолдауға бағытталған және де оларды жобамен жұмыс істеуді үйретеді, жоспар құрып, жұмыс үдерістерін ұйымдастыруды, тек өзіне ғана емес, өз командасына да жауапкершілікті ала білуді, қарым-қатынас және көпті ұйымдастыру дағдыларын дамытуға және де алға қойылған мәселелерді көшбасшы позициясынан шеше білуге көмектеседі. 2008 жылдан қазіргі уақытқа дейін 92 оқушы арнайы шәкіртақымен марапатталды. 2018 жылғы байқауында Қор 8 жобаны мақұлдады. Байқау қатысушыларының жобалары мектептің іші-сыртын, санитарлық жағдайын жақсартуға және мектептегі елеулі оқиғаларын жария етуге бағытталған.



2018 жылғы Кентау қаласындағы білімгерлерді құттықтау рәсімі



3 байқау
өткізілді



20 оқушы қарым-
қатынас машықтарын
жақсартты



40 сабақ, ойын,
пікірталас
өткізілді



5 оқушы
үлгерімін
жақсартты



1 кітаппен алмасу
жобасына сөрелер
жасалды



20 гүл
құмырасы
безендірілді



2 қоқыс салатын
шелек мектеп
ауласына
орнатылды



2 қол кептіргіш
әжетханаға
орнатылды



Шәкірақы бағдарламасынан бөлек Қор мектептің материалдық-техникалық жабдықтандыруын жақсартуға және қолдау көрсетуге көмегін тигізеді: күшейткіштер, микрофондар, акт залына арналған жалюзи перделері және мультимедиялық проектор сыйға тартылды. Жыл сайын мектеп басшылығы 22 сәуір күні Ержан Тәтішевтың туылған күніне орай мектеп оқушылары арасында шығармашылық және интеллектуалдық байқаулар, волейбол турнирін және де мектеп-іші әскери-спорттық жарыстарды ұйымдастырып, еске алу күнін өткізеді.



ТҮЛЕКТЕРДЕН АМАНАТ



Ақерке Мәжітова
Алматы №1 педагогикалық
колледжі
Қордың 2018 жыл түлегі

Менің есімім Ақерке, жасым жиырма бірде. Тағдыр тауқыметін ерте тарттым, алайда жігерімді жасытқан емеспін. Оқуды жақсы тәмамдап, көпке үміт сыйлайтын беделді қор, Ержан Тәтішев Қорына жол тарттым. Бұл Қордың мақсаты – әрбір жасты тұлға ретінде қалыптастыру. Міне, содан бері өмірім күрт өзгерді: балалық шақпен қоштасып, колледж табалдырығын аттадым. Колледжде жүріп жарыстарға қатысып, мәнерлеп оқудың хас шебері атандым. Өлең жазуға құмартып, ақындыққада бет бұрдым. Төлеген Айбергеновтің құрметіне орай ұйымдастырылған республикалық жарыстың бас жүлдесіне қол жеткіздім. Уақыт өте өзім де жеке шығармашылық кеш беруге бел будым. Алматы қаласында жеке шығармашылық кеш өткізіп, алғашқы өлең жинағымның тұсауын кестім. Әрине, мұндай жетістікке жетуіме бірден бір себеп болып, жолымды ашқан Ержан Тәтішев Қоры еді. Қордың тұтқасын ұстап, ұясынан ұшқан жастар бүгінде – беделді жандар. Қормен өткізген төрт жыл ішінде дүниетанымым кеңейіп, өмірлік көзқарасым өзгерді. Бүгінде Шәкәрім университетінің «журналистика» факультетінің студентімін. Осындай жетістік мен үшін аз болсын, алдағы уақытта әлі де биікке жететініме сенемін!



Альвина Ахметқазы
Рузуддинов атындағы медико-
стоматологиялық колледжі
Қордың 2018 жыл түлегі

Менің аты-жөнім Ахметқазы Альвина. 2014 пен 2018 жылдар арасында Ержан Тәтішев Қорының білімгері, ал бүгінде түлегімін. Алғаш рет Қор жайында естіген кезде мектепте оқып жүр едім, байқауға қатыссам екен деген арманым болды. Кеңсеге сұхбатқа барғанымда қатты қобалжығаным әлі есімде. Алия апай мен Дана апайдың жылы жүздерін көргенде, көңілім жайланып, өз ойымды ашық жеткізе алдым. Іріктеуден өтіп, грант ұтып алған кезімде қуанғаным соншалық, көзіме жас алдым. Содан өзім қалаған колледжге құжат тапсырып, оқуға түсіп, профессор Рузуддиновтың медико-стоматологиялық колледжінің студенті атандым. Сабақты үздік оқып, топ старостасы болдым, көптеген іс-шараларға қатысып, белсенділік таныттым. Қордың маған артқан үмітін ақтау үшін бар күшімді салдым. Қуанышыма орай колледжді қызыл дипломмен бітіріп, Алланың қалауымен қазіргі таңда аяулы жар, асыл ана атанып отырған жайым бар. Декреттік демалыстан кейін мамандығым бойынша дантист болып жұмысқа кіру ойымда бар. Ержан Тәтішев Қорына маған үлкен мүмкіндік беріп, қалаған оқуымды оқытқаны үшін алғысым шексіз. Қорымыз жасай берсін! Үлкен табыстарға жетіп, көркеюіне күә болайық!



Альзаир Кебекбаев

*Алматы Менеджмент Университеті
Қордың 2018 жыл түлегі*

Менің атым Кебекбаев Альзаир. Мен Ержан Тәтішев қайырымдылық Қорының түлегімін. Қор болмағанда, менің Алматы Менеджмент Университетін бітіруім екіталай еді. Қор туралы еліміздің жетекші университеттерінде тегін оқуға мүмкіндіктерді іздеу барысында интернет желісінен білдім.

Қызыл диплом бұйырмаса да, ілгері қарай қозғалуыма қажетті білімді бойыма сіңірдім. Шынында да, Қор мен Университеттен үйренгенімді күнделікті жұмыс орнында қолданудамын. Қазіргі кезде мен Қазақстандағы халықаралық «Филип Моррис» компаниясында жұмыс істеймін. Осы жерге де Қор мен Университеттің арқасында келдім. Сол кезде университеттен естіген «InKompas» тағылымдама бағдарламасына қатысып, жеңімпаз болдым. Бұдан басқа екінші курста алмасу бағдарламасы бойынша Францияға сапар шегу мүмкіндігі түскен болатын. Басқа ұлттардың мәдениетімен танысып, алуан түрлі ұлт тілдерінде сөйлестім, қызықты әрі терең бизнес пәндерді игеріп, ең бастысы, үлкен бірақ пайдалы стрессті бастан кешірдім. Рәңция елінде жүріп, жақын орналасқан көршілес қалаларды көру сәті түсті. Мен қуана әрі мақтана, өз елімді өзге ел өкілдеріне таныстырдым. Сол семестрді менің ең керемет өткен уақыт және ең үздік тәжірибем деп білемін, өйткені жер шарын шарлау бұрыннан ойлаған арманым еді.

Қазіргі таңда менің алдағы бес жылға көздеп отырған нақты жоспарым бар. Қысқаша айтар болсақ, сауда және тұтынушымен жұмыс істеуде жетекші сарапшы боламын деген ой бар. Бүгінде қол жеткізген жетістігіме, бойымдағы қабілетіме, шыққан шыңдарыма Ержан Тәтішев Қоры үлкен себеп, арқау болды. Неге десеңіз, Қордың қолдауы жарқын болашағыма есік ашып, “сәтті” билет сыйлады деп қабылдаймын. Сол үшін Ержан Тәтішев Қорына үлкен алғысымды білдіремін!



Дәрия Әміртай


*Алматы Менеджмент Университеті
Қордың 2018 жыл түлегі*

Менің атым Әміртай Дәрия және де мен Ержан Тәтішев Қорының түлегі екенімді абыроймен айта аламын. Алматы Менеджмент Университетінің қаржы саласында оқып, 2018 жылы аяқтадым. Төрт жыл бұрын гранттар мен талапкерлерге қаржылық қолдауды құлшына іздеген кезде, Қордың 2016, 2017 жыл түлектері, Нұржан Күлшебаев пен Айсұлу Еникееваның аузынан Қордың гранттары жайлы естідім. Бастапқы кездері Қазақстанның жетекші университеттерінде оқуға грант ала алатыныма сенбеген едім. Қордың гранты мен үшін өрге апаратын үлкен баспалдақ болды. Бұл жерде мен өзіме ұнайтын мамандықта білім алуға мүмкіндік алдым және Қор білімгерлерімен, түлектерімен, Алия, Дана Жеңісқызы, Еркін Нұрелдайымұлы деген кісілермен таныстым. Олардың әрқайсысы өздерінің ақыл-кеңестерімен бөлісе отырып, маған үлгі болды және ілгері дамуыма өз үлестерін қосты. Тәжірибені өтетін орын іздеп жүрген кезімде, Қор түлегі Константин Кравченко хабарласып, маған KPMG компаниясына тапсыруыма

кеңес бергені әлі есімде. Ол қыстық іріктеу барысында маған түйіндеме дайындауға және сұхбаттан өтуге көмектескен болатын. Іріктеуден өтсем де, кей себептермен Таразға кетуге мәжбүр болдым. Қордың тағы бір түлегі, Мұхтар Лекеров оқу кезінде де, оқудан кейін де бізді қызықты жобаларға тартуға тырысатын. Бұл түлектердің, білімгерлердің және Қордың бізге қол ұшын созып, қолдау көрсеткен 100 мысалдың екеуі ғана. Қордың арқасында мен тек білім алып қана қоймай, жағдайымды ойлайтын, шын ықыласпен қолдау көрсететін отбасын таптым.

БІЛІМГЕРЛЕР КЛУБЫ

Қор «БесТірек» бағдарламасы білімгерлерінің жетістіктерін, әлеуметтік белсенділіктерін ұдайы бақылау үстінде. Қор білімгерлерге оқу бітірген соң ешқандай міндеттеме артпаса да, оқу барысында олардың белсенді болуын және де халықтың осал топтарының мәселелерін шешетін, моральдық құндылығы бар әлеуметтік жобаларға қатысуларын күтеді. Әр стипендиат жыл сайын еріктілік жобаларды орындауға 192 сағат уақытын арнайды. Ол команданы басқаруға, креативті ойлануға, түрлі мақсатты топтармен жұмыс жасауға, стресске төзе білу және мейірімділікке үйретеді. 2018 жылы Қор стипендиаттары 32 еріктілік жобаны жүзеге асыруға ат салысты. Олардың ішінде басым бөлігі гуманитарлық және көшбасшылықты дамытуға бағытталған жобалар, әрқайсысына шаққанда - 34%; спортқа және салауатты өмір салтына бағытталғаны – 16%; білімділік пен ағартуға бағытталған жобалар 7% және 9% құрады.



БІЗДІҢ СЕРІКТЕСТЕР



1 227 ерікті ат салысты



32 жоба іске асырылды



1 872 900 KZT жиналды



1 307 сағат жұмсалды



17 808 бенефициар





«Перзент» балалар үйінің жеткіншектеріне сабақтан көмек беру
СДУ, 13.01. – 31.02.2018



«Project Night» жобаларды құру чемпионаты
Enactus Алмау, 20.01. – 03.02.2018



«Charity SweetFair» қайырымдылық жәрмеңкесі
Сәбитов Шыңғыстың еміне қаражат жинау
«ДОС» Алмау, 05.02. - 16.02.2018
108 000 KZT жиналды



«Never Give Up!» қайырымдылық концерті
Сәбитов Шыңғыстың еміне қаражат жинау
«ДОС» Алмау қайырымдылық ұйымы
KIMEP, KVTU, ИИТ студенттері
Hard Rock Cafe Almaty, 09.03. – 28.03.2018



Алматы Марафоны
14.04. – 22.04.2018



С 24 ПО 28 СЕНТЯБРЯ



БЛАГОТВОРИТЕЛЬНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ
МЫ ДЕЛАЕМ МИР ДОБРЕЕ



**ЖАЕМ ВАС В УНИВЕРСИТЕТЕ АЛМАУ
1 ЭТАЖ, РЕСЕПШН**

БІЗ КӨМЕКТЕСТІК:

«Перзент», «Ковчег», «Солнышко» балалар үйінің жеткіншектері

- + «Я с тобой» хосписінде жатқан балалар
- + Ойлау қабілеті бұзылған №6 мектеп-интернатының оқушылары
- + Есік қаласындағы көру қабілеті нашар облыстық арнайы мектеп-интернатының оқушылары
- + Мүгедектігі бар «РАС» балалар ұйымы
- + Ойлау қабілеті ерекшеліктері бар спортсмен балалар
- + Тірек-қозғалысы шектеулі балаларға арнаған №2 мектеп-интернатының оқушылары
- + Жағдайы нашар, көп балалы, обыр сырқатына тап болған балалар
- + Ауыр науқасты балалар: Сәбитов Шыңғыс, Иванова Аня, Мұсаев Селим
- + Мүгедектігі бар әйелдер
- + Алматы қаласының талапкерлері



«Charity Wish Tree» қайырымдылық шарасы – Жаңа жылдық тілектер ағашы” Алматы қаласы «ДОС» АлмаУ, ХБУ, МУИТ, АлмаУ студенттері 24.09.2018 – 28.12.2018

Жағдайы төмен, көп балалы, обыр сырқатына шалдыққан хоспистегі, аутизм және басқа да шектеуі бар 864 балаға сыйлықтар ұсынылды, мерекеге қатыстырылды, 20 бала үйірмелерге қатысуға мүмкіндік алды 600 000 KZT жиналды




«Зейін» жобасы

Алматы облысы мектептеріне арналған бизнес, маркетинг, кәсіби бағдарлау және гранттар жайында лекциялар 4 талапкер мемлекеттік грант иегері атанды



МАҚТАУ БҰРЫШЫ

2018 жылдың 4 сәуір күні «менеджмент» мамандығы бойынша оқитын АлмаУ студенттері арасында Rocket Pitch бизнес-жобалар тұсаукесері өткен болатын, оның алтауы «БесТірек» бағдарламасының білімгерлері. Балалар өздерінің бизнес-жобаларын таныстырды, сондай-ақ өз бизнестерін іске асырудағы алғашқы қадамдары жайында баяндады. Студенттердің жобаларын сарапшылар мәселені айқындау, бизнес концептісі, құнды ұсыныс, нарық пен клиентті анықтау, бәсекені ұйғару, табыс моделі, команда мен ресурстарды табу сияқты өлшемшарттармен бағалады. Байқау нәтижелері бойынша Ержан Тәтішев Қорының balmuzdak.net, университетке түсумен байланысты, мамандық таңдау мен гранттық қолдаулар жайында жазылатын талапкерлерге арналған платформа жеңімпаз атанды. Жоба авторы, Алмас Төлеубаев, кәсіпкерлікті үйрететін жетекші оқу орындарының бірі, АҚШ-тағы Babson College университетінде жазғы лагерге қатысуға мүмкіндік алды. Жоба стартаптар байқауы мен Startup Night AlmaU сайысында 1-орын (2017), ОИК елдері кәсіпкерлерінің Казань қаласында өткен жастар форумында аталып өтті, Beeline компаниясының ұйымдастыруымен Enactus National Competition Kazakhstan арнайы мемлекеттік байқауында 3-орынды иеленіп, 250 000 теңге ұтып алды. Сондай-ақ жобаның арқасында екі мектеп түлегі Алматы Менеджмент Университетіне грантқа түсе алды.



Қор білімгері және Сүлеймен Демирел атындағы Университетінің 3-курс студенті, Мадина Тохтахметова 2018 жылдың көктемгі семестрін Малайзия еліндегі Шах Алам қаласының «Management and Science» университетінде өткізді. Бұл Мадинаның шетелге жасаған алғашқы сапары еді. Саяхатты еске алып отырып, Мадина бірінші кездері тропика ауа-райына және тағамдарына бейімделу қиындау болғанын айтады. Сондай-ақ оқу барысындағы көзге түскен айырмашылықтардың ішінде мұғалімнің беделі талассыз екендігін, ал сабақта қатаң тәртіп орнатылғанын атап өтті. Мадина тек Малайзия ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған, мәселен Шри Ланка, Франция, Бруней сияқты елдер өкілдерімен дос болды.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕ

2018 жылы барлығы 60 225 285, 73 теңге жұмсалды. Олардың ішіндегі 40 904 438,96 теңге, яғни 67,92%-ы білім беру гранттар бағдарламаларын іске асыруына жұмсалған, 19 320 846, 77 теңге немесе 32,08% әкімшілік шығындарды құрады. 37 179 520,30 теңге, яғни бағдарлама шығындарының 90,90%-ы білім беру гранттарына жұмсалды, 3 156 446,56 теңге, яғни 7,72 % бағдарламаларды қолдауға, ал 568 472,10 теңге, яғни 1,38% Кентау қаласындағы жастарды ынталандыруға жұмсалды.



МЕКЕН-ЖАЙ:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050026

Байзақов көшесі, 125, Номад БО, 508-кеңсе

Телефон: Эл.пошта: info@ytf.kz

+7 (727) 331 13 14 Веб-сайт: www.ytf.kz

+ 7 (727) 331 13 15